С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған **«Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру»** атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының **материалдары** = **Материалы** Республиканской научно-теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее»**, посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - **2017. - Т.I, Ч.2. -** Б.148-150

ҚОСТАНАЙ ТҰҚЫМЫ ЖЫЛҚЫЛАРЫН БАПТАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Бекбосынов К., Шәуенов С.Қ.

«Қазақ тұлпары» ЖШС жылқы зауытының көп жылдық баптау тәжірибесі 1,5 жастағы тайларды жаттықтырудың олардың ағзасына ешбір кері әсерін тигізбейтінін көрсетеді. Осы кезден басталған жүйелі жеке жаттығулар, керісінше жас жылқы организмінің жақсы дамуын қалыптастырады [1].

Қостанай жылқы тұқымын баптау барысында әрбір жылқыға топтық және жеке баптау жұмысы керек. Баптау түрі әрбір жылқының жасына жұмыс бағытына байла-нысты таңдап алынады. Баптауға іріктелген жылқылар экстерьер, конституция, жалпы тұрқы қалыптасуы бойынша нақты жылқы тұқымының стандарттық көрсеткіштеріне сәйкес болуы қажет. Қостанай жылқыларының өлшемдері 1,5 жасында төмендегі талап-тардан кем болмауы қажет: шоқтығының биіктігі еркектерінде 150 см,кеуде орамы 162 см, жіліншік орамы 18,5 см; ұрғашыларында шоқтығының биіктігі 148 см, кеуде орамы 161 см , жіліншік орамы 17,5 см.2 жасында, еркектерінде шоқтығының биіктігі 154 см, кеуде орамы 174 см, жіліншік орамы 19 см; ұрғашыларында шоқтығының биіктігі 152 см, кеуде орамы 172 см, жіліншік орамы 18 см.3 жасында, еркектерінде шоқтығының биіктігі 158 см, кеуде орамы 179 см, жіліншік орамы 20 см; ұрғашыларында шоқтығының биіктігі 156 см, кеуде орамы 177 см, жіліншік орамы 19 см [2].

Топтап жаратып-баптауды, төлді енесінен айырғаннан кейін 8-10 күн өткен соң бастайды. Өйткені осы уақытта, олар жаңа жағдайдағы бағып-күтуге, азықтандыруға және ұстауға көндігіп қалыптаса бастайды. Бұл жаратып-баптау жүйесінің негізгі міндеті төлдің денсаулығын және жалпы дене мүшелерінің дамуын күшейту.

Төлді топтап жаратып-баптаудың басты мақсаты, кешенді жаттығулар арқылы, бос жабдықсыз жағдайда жүрек-қан, нерв және бұлшық ет жүйелерінің жұмысын жетілдіру, өнімді қозғалысын қалыптастыру: жас ағзаны шыныктыру және оны келесі жекелеп жаратып-баптауда артық жүктемені (ерттеп салт міну) алып жүруге дайындау.Жаттығу алдында төлді ашық-жайға шығарып серуендетіп алып, 30-40 минуттан соң жаратып-баптауға кіріскен жөн. Топтап жаратып-баптауға арналған сүрлеу (жол) әрқашан да талапқа сай таза болуы керек.

Төлді топтап жарату екі салт аттының бақылауымен өткізіледі, себебі біреуі төлдің алдында жүре отырып, олардың жүрісін, жылдамдығын және ұзақтығын қадағаласа, екінші салт атты артында жүре отырып, төлдің топтан қалыс қалмауын бақылап отырады [3, 4].

Жаттығулар кезінде тайлар бірте-бірте ойлы қырлы жермен жүгіріп, бір-бірін алмастырып тұратын аллюр қозғалысына үйретіледі. Әдетте жаттығулар желіс репризданрымен (бір жаттығуды қайталаумен) басталады, кейін олар ұзарып, шоқырақ (галоп) репризімен аяқталады. Топтық жаттығулар бұлшық еттерідің нығаюына және сіңірлерінің жетілуіне жақсы жағдай жасайды. Жылқы баптау бөліміне түскен жас тайларды жаттықтыратын бөлімшелерге 10-12 бастан бөледі. Жаттықтыратын бөлімшелер жұмысын білімді мамандар, баптаушылар атқарады.

Шабыстардан кейін жалпы қалыптасқан жүйе бойынша жылқыларды қысқа қашықтықтағы жарыстарға дайындығына байланысты үнемі жаттықтыра бастайды. 2 жастан бастап қысқа қашықтықтағы жарыстарға 1000, 1200, 1400, 1600 және 5000 метрге дейін сынайды. 3 жасында ара қашықтықты 7-12 км-ге дейін ұлғайтады. 3 жастағы сынақтан кейін асыл тұқымды жылқылар сатылады,ал қалғандары құнды жылқылар ретінде селекция жұмыстары үшін қалдырылады. Жылқылармен селекциялық жұмыстарды жасағанда зауыттық тренинг бойынша жұмыс қабілеттілігін ескеру керек

Төлді жекелеп жаратып-баптауды 1,5 жасынан бастайды.

Жекелеп жаратып-баптау құлындарды бас білдіртуден, яғни ерттеп мінуге үйретуден басталады. Құлындарға бас білдіртудегі басты міндет - жуасыту, мінез-құлқын жұмсарту, шабандоздың айтқаның орындауға, яғни адамның еркіне толық бағынуға, біркелкі ырғақта еркін қозғалуға қалыптастыру болып табылады. Бас білдірту баптауын 7-10 күн бойы жалғастырады, осы уақытта құлындар ерттеу мен салт мінуге үйренеді. Одан соң, құлындарды 1-2 апта бойы аяң мен желіске үйретеді. Көктемде, сәуір айында ауа-райының қолайлы жағдайында қысқа қашықтыққа (200-250 м) ұшқырлығын байқау үшін шоқырақтатып алу ұсынылады. Қостанай жылқы тұқымының әртүрлі қашықтықтағы спорттық көрсеткіштері, Тазақанды, Араб, Ахалтеке жылқыларымен салыстырмалы түрде төмендегі кестеде келтірілген (1-кесте)

1-кесте - Қостанай жылқы тұқымының жылдамдық көрсеткіштері.(мин.сек)

Тұқым	Қашықтық (метр)					
	1000	1200	1600	1800	2400	3200
Қостанай	1.04	1.14,0	1.40,6	1.54,4	2.37,7	3.30
Тазақанды	58,0	1.11,4	1.37,0	1.49	2.27	3.24
Араб	1.08	1.18,4	1.45,8	2.00	2.41	3.40,5
Ахалтеке	1.07	1.19	1.45	2.01	2.42	3.48,1

Бұл кестеден көрініп тұр Қостанай тұқымы жылқылары көрсеткіштерінің Араб және Ахалтеке тұқымдарынан жоғары, ал Тазақанды тұқымынан төменірек екені байқалады. Жалпы, қысқа ара қашықтықтағы бәйгелерде Қостанай тұқымының жылқылары жоғары деңгейдегі жетістікке жетіп жүргені олардың спорттық жарыстарға бейімді жылқы тұқымы екенін көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі

1 Кикебаев, Н.А. Рекомендации по рациональному тренингу и испытанию лошадей Н.А. Кикебаев, С.С. Рахманов, А.А. Рысалдина, А.Б. Амандыкова, А.К. Уразаков. –Костанай, 2008. – 32 с.

2 Кикебаев, Н.А. Бәйге аттарының құлындарың өсіру технологиясының әдістемелік ұсынысы / Н.А. Кикебаев, С.С. Рахманов, А.А. Рысалдина, Л.А. Дрейфельд, А.Б. Аман-дыкова, А.К. Оразақов. – Қостанай, 2008. – Б. 26.

3 William, E.J. Genetics and horse breeding / William, E.J. // Journal of Equine Veterinary Science. – 1982. –V. 2, № 3. – P. 102.

4 Муслимов, Б.М. Кустанайская порода лошадей / Б.М. Муслимов. – Костанай, –2000.- 167 с.